

Науқан ережелері

«Тіркелгені үшін 500 теңге бонус» (бұдан әрі – Ережелер).

1. Науқанның атауы (бұдан әрі – Науқан)		«Тіркелгені үшін 500 теңге бонус»
2. Науқанды ұйымдастырушы туралы ақпарат	Атауы	ЖШС «ВИМ Диджитал» (БСН 220540022102)
	Заңды мекенжайы БСН	ЖШС «ВИМ Диджитал» (010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2)
	Науқанның электрондық поштасы	support@pgbonus.kz
Науқан Тапсырыс берушісі туралы ақпарат		ЖШС «Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн», (БСН: 160640000220, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240-Г.)
Науқанның техникалық серіктестері туралы ақпарат		Sky Studio d.o.o. (бұдан әрі – «Техникалық Серіктес 2»), Жибертова көшесі 26, 1000 Любляна, Словения мекенжайы бойынша тіркелген. Пошталық мекенжайы: Жибертова көшесі 26, 1000 Любляна, Словения Салық нөмірі: SI66897564. Тіркеу нөмірі: 6436188000. ЖШС «СМС Трафик Азия» (БИН150340007106) (бұдан әрі – «Техникалық Серіктес 2»), 050047, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек Жолы даңғылы, 135/10А, 3-блок, 10-қабат, 3101/2-офис мекенжайы бойынша тіркелген. Пошталық мекенжайы: 050047, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек Жолы даңғылы, 135/10А, 3-блок, 10-қабат, 3101/2-офис.
3. Науқанды өткізу мерзімі		3.1. Науқанды жалпы өткізу мерзімі: 30.04.2025 ж. бастап 31.08.2025 ж. дейін. 3.2. Сатып алуларды жасау және чек сканерлеу мерзімдері: 30.04.2025 ж. бастап 31.08.2025 ж. (қоса алғанда). 3.3. Науқанға қатысуға өтініштер қабылдау мерзімі (https://pgbonus.kz/promos/bonus_500 сайтында тіркелу) 30.04.2025 ж. сағат 00:00 (Алматы уақытымен) бастап 31.08.2025 ж. сағат 23:59 (Алматы уақытымен) дейін (қоса алғанда).
4. Науқан өткізу аумағы		4.1. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

5. Науқанға қатысушыларды Ережелер туралы хабардар ету тәртібі мен әдісі	5.1. Науқанға қатысушыларды ақпараттандыру өткізудің барлық мерзімі бойы, ережелерді ғаламтор желісінде сайтқа орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
6. Науқанның жүлде қоры	6.1. Кэшбэк қорының жалпы көлемі 20 000 000,00 (жиырма миллион) теңгеден аспайды. 6.2. Қордың жалпы көлемі толығымен жұмсалған жағдайда, кэшбэк алу мүмкін болмайды. 6.3. Ұйымдастырушы кэшбэк қоры таусылған жағдайда науқан мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы. 6.4. Кэшбэк қорының аяқталуы науқанның автоматты түрде тоқтауына және кэшбэк есептелмеуіне әкеледі. Ұйымдастырушы қордың таусылғанынан кейін кэшбэк есептелмеуіне жауапты емес және қатысушыларды бұл туралы хабарлауға міндетті емес.
7. Науқанның шарттары	Науқанға қатысушы болу үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: 7.1. Сайтта тіркеліп, өзіңіз туралы келесі мәліметтерді көрсету: аты-жөніңіз, жеке электрондық пошта мекенжайы, жеке ұялы телефон нөмірі (+7 6XX XXX XX XX немесе +7 7XX XXX XX XX); және растау белгілерін қою: • Іс-шараға қатысуға келісім беру; • Қатысушының электрондық поштасы мен ұялы нөміріне жарнамалық хабарламалар алуға келісім беру; • ЖШС «Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн» компаниясы қабылдаған Сайтты пайдалану Ережелері мен Құпиялық саясатымен келісу; • Жеке деректердің Өткізуші/Техникалық серіктестер/Тапсырыс беруші тарапынан өңделуіне келісім беру; • Толық жаста екендігі және Қазақстан Республикасының азаматтығы болуы. 7.2 Электрондық пошта мекенжайын растау – ұйымдастырушы жіберген хаттағы арнайы сілтемеге өту арқылы, ол Сайтта тіркелген кезде көрсетілген және расталған электрондық пошта мекенжайына жіберіледі; 7.3. Науқан кезеңінде қатысушы 500 теңге мөлшеріндегі сыйақыны бір рет қана ала алады; 7.4. Қатысушы осы Ережелердің 14.1 тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес болуы тиіс; 7.5. Науқанға қатысу және кэшбэк алу тек https://pgbonus.kz/promos/bonus_500 сайтында алғаш рет тіркелгендерге ғана қолжетімді; 7.6. 7-тармақтың барлық шарттары орындалғаннан кейін қатысушыға 500 (бес жүз) теңге мөлшерінде кэшбэк есептеледі. Жинақталған кэшбэккі қатысушының жеке кабинетінде қолжетімді әдістер арқылы алу тек жинақталған сомасы 2500 (екі мың бес жүз) теңгеден асқан кезде және сканерленген чектердің болған жағдайда жүзеге асырылады.
8. Қатысушының құқықтары	8.1. Науқан ережелерімен танысу. 8.2. Осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Науқанға қатысуға және Ережелерге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу.

	8.3. Науқанды ұйымдастырушыдан ережелеріне сәйкес науқан туралы ақпарат алуды талап ету. 8.4. Науқанның барлық шарттарын орындаған жағдайда кэшбэктің аударылуын талап етуге
9. Салық туралы ақпарат	9.1. Егер кэшбэк Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 321-бабына сәйкес Қатысушының табысы ретінде танылса, Қатысушыға Техникалық серіктестер 1 және 2 тікелей Сыйақыларды беруді қамтамасыз ететіндер ретінде салық агентінің функцияларын орындайды, яғни кэшбэк сомаларынан жеке табыс салығын есептейді және төлейді..
10. Ұйымдастырушының құқықтары	Ұйымдастырушы құқылы: 10.1. Ережелердің 7 және 15-бөлімдерінің талаптарын орындамаған Қатысушыға кэшбэк беруден бас тартуға құқылы. 10.2. Ережелерді өзгертуге немесе Науқанды тоқтатуға құқылы, бұл ретте Ережелердің 5-тармағында көрсетілген тәртіппен Қатысушыларға хабарланады. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Науқанға қатысуды жарамсыз деп тануға, осы Ережелердің кез келген шартын бұзған жағдайда немесе Қатысушы әрекеттерінен алаяқтық белгілері анықталған кезде оны Науқанға қатыстырмауға құқылы. 10.3. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті ақпарат алынбағаны үшін, соның ішінде Науқан өткізу кезінде қолданылатын байланыс арналарының техникалық ақауларына, сондай-ақ https://pgbonus.kz/promos/bonus_500 сайтында тіркелу барысында қате немесе ескірген байланыс деректерінің көрсетілуіне байланысты Қатысушымен байланыс орната алмағаны үшін жауапкершілікке тартылмайды. 10.4. Ұйымдастырушы Қатысушының қателіктерінен туындайтын кез келген салдар, соның ішінде (басқа да шығындармен қатар) Қатысушы шеккен шығындар үшін жауап бермейді. 10.5. Науқан ұйымдастырушылары https://pgbonus.kz/promos/bonus_500 сайтындағы техникалық ақаулар мен науқанның өту барысында туындаған үзілістер үшін жауап бермейді, егер олар науқан ұйымдастырушыларының кінәсінен туындамаса.
11. Ұйымдастырушының міндеттері	11.1. Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Науқанды өткізуге міндеттенеді.
12. Техникалық Серіктестер 1 және 2-нің құқықтары	12.1. Қатысушының осы Ережелердің 7 және 15-бөлімдеріндегі талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізу. 12.2. Бонустық ұпайларды есептеп, кэшбэк сомаларын Сайтта көрсетілген тәсілдермен аудару. 12.3. Кэшбэк алған жағдайда қатысушының табысы туындаған жағдайда ЖТС (жеке табыс салығы) есептеу және ұстап қалу бойынша салық агентінің функциясын жүзеге асыру. 12.4. Науқанға қатысқаны үшін бонустық ұпайларды есептеу Техникалық серіктес 1 және 2 тарапынан тіркелген күннен бастап 10 (он) күн ішінде жүргізіледі. 12.5. Егер бонустық ұпайлар есептелмеген жағдайда, Қатысушы https://ru.pgbonus.club/help-page сілтемесі арқылы форманы толтырып,

	Сайттағы қолдау қызметіне жүгінуге құқылы, бірақ бұл Науқан аяқталғанға дейін болуы тиіс. 12.6. Техникалық серіктес Қатысушылар қатарынан алып тастауға және кейіннен кэшбэк аударуды болдырмауға құқылы (Қатысушының ұялы телефон нөміріне немесе Сайтта көзделген басқа тәсілмен): • Осы Ережелердің 3.2–3.3-тармақтарында белгіленген мерзімдерді бұза отырып, 7-тармаққа сәйкес әрекеттер жасаған тұлғалар; • Уақытша электрондық пошта мекенжайлары мен/немесе уақытша телефон нөмірлерін (7 күннен аз уақытқа берілетін қызметтер) пайдаланған тұлғалар және олардың шақыруымен тіркелгендер; • Осы Ережелердің басқа да ережелерін бұзған тұлғалар; • Қатысушының алаяқтық әрекеттер жасағанына күмән туындаған басқа жағдайлар. 12.7. Қатысушылардың сәйкестендірілуі ұялы телефон нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте ерекше жағдайларда Ұйымдастырушының қалауы бойынша Қатысушының Сайттағы ұялы телефон нөмірін және/немесе электрондық пошта мекенжайын өзгертуге рұқсат етіледі. Қатысушының тіркеу деректерін өзгерткен жағдайда, бұрын жинақталған бонустық баллдар Сайттағы жаңа аккаунт шотына ауыстырылады, бұл ретте кэшбэк аудару үшін (Қатысушының ұялы телефон нөміріне немесе Сайтта көзделген басқа тәсілмен) Қатысушыға 7.6-тармақта көрсетілген бонустық балл сомасын қосымша жинақтау қажет, ол үшін кассалық чектерді тіркеу қажет.
13. Техникалық Серіктестің Міндеттері	13.1. Техникалық Серіктес 1, 2 және 3 осы Ережелерде белгіленген тәртіпке сәйкес Науқанды өткізуге міндеттенеді.
14. Қосымша шарттар	14.1. Науқанға қатысушы ретінде Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, кәмелет жасқа толған және толық әрекет қабілеттілігі бар ҚР азаматы бола алады. 14.2. Науқанға қатысу Қатысушының осы Ережелермен танысқанын және келісетінін автоматты түрде білдіреді. 14.3. Қатысушының толық емес, ескірген немесе шындыққа сәйкес келмейтін дербес деректерді ұсынуына байланысты өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Ұйымдастырушы жауапкершілікке тартылмайды. 14.4. Науқанға келесі тұлғалардың қатысуына жол берілмейді: Ұйымдастырушының (ЖШС «ВИМ Диджитал»), Тапсырыс берушінің (ЖШС «Проктер энд Гэмбл Қазақстан Дистрибьюшн»), Техникалық әріптес 1-нің (ЖШС «Брендлинк»), Техникалық әріптес 2-нің (d.o.o Sky Studio) және Техникалық әріптес 3-нің (ЖШС СМС Трафик) қызметкерлері мен олардың аффилиирленген тұлғалары (аффилиирленген тұлғалардың қызметкерлері), Науқанды дайындауға және өткізуге қатысатын ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ аталған тұлғалардың отбасы мүшелері. 14.5. Осы науқаны өткізу рәсіміне қатысты барлық шағымдар тек 30.06.2025 дейін қаралады.
15. Қатысушының жеке деректерін өңдеуге келісімі Бұл келісімде Қатысушының жеке деректері тізімі, оларды Ұйымдастырушы, Тапсырыс	15.1. Науқанға қатысу фактісі, https://pgbonus.kz/promos/bonus_500 сайтында тіркелу және Қатысушының жеке деректерін (тегі, аты, байланыс телефон нөмірі, электрондық пошта, паспорт деректері, ЖСН, банк реквизиттері) ұсынуы Қатысушының жеке деректерін Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Жеке деректер

беруші және Науқанның Техникалық серіктестері өңдейді, жеке деректерді өңдеудің мақсаттары, осындай жеке деректермен жасалатын іс-әрекеттер тізімі, жеке деректерді ашуға немесе беру мүмкін болатын тұлғалар, егер жеке деректерді шекарааралық беру болса, сол туралы мәліметтер және жеке деректерді өңдеу мерзімі көрсетіледі.	және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Науқанды өткізу және сыйлықтарды беру аясында, сондай-ақ Ұйымдастырушы, Техникалық Серіктестер 1, 2 және Науқан Тапсырыс берушісі тарапынан өңдеуге келісін білдіреді. Сонымен қатар, жеке деректер Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы статистикалық мақсаттарда, жарнамалық -информативтік материалдарды Қатысушы көрсеткен электрондық/почта мекенжайына немесе ұялы телефон нөміріне жіберу үшін және әлеуметтік желілердегі мақсатты жарнамалау (Procter&Gamble өнімдері туралы) және басқа байланыс арналарында жарнамалық материалдарды тарату мақсатында автоматтандырылған топтарды қалыптастыру үшін де пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ Науқан шеңберінен тыс басқа мақсаттарда қолданылуы мүмкін. 15.2. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Науқанның Техникалық Серіктестері 1, 2, 3 автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе пайдаланбай жеке деректерге келесі әрекеттерді жасай алады: жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қолжетімділік), деректерді жекешелендіру, блоктау, жою, толық жою. 15.3. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Науқанның Техникалық Серіктестері 1 және 2 Қатысушылардың деректерін үшінші тараптарға бере алады, олармен келісім-шарттық қатынастар бар, сыйлықтарды жеткізу, өнім/ақпарат тарату үшін және осы ережелердің 15.1 тармағында көрсетілген мақсаттарға сәйкес өңдеу үшін. 15.4. Науқанға қатысу фактісі және Қатысушының жеке деректері (аты-жөні, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) бар форманы тіркеу/жіберу фактісі Қатысушының өзінің жеке деректерін Ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге, Техникалық серіктестерге және үшінші тұлғаларға, соның ішінде Ресей Федерациясы аумағына трансшекаралық тасымалдауға келісім беруін білдіреді. Бұл деректер ЖШС «Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн» компаниясы (ЖСН 7701639976) мекенжайы: Ресей, 125171, Мәскеу қ., Ленинград тас жолы, 16А, ғимарат 2 және ООО «Лайон Коммьюникейшнз» (ЖСН 7743068844), мекенжайы: 125040, Мәскеу қ., Беговой ауданындағы Ленинград проспекті, 15-үй, 1-ғимарат, 4-қабат, VI бөлме, 17 каб. арқылы Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық және ақпараттық материалдарды, сондай-ақ жарнамалық үлгілерді Қатысушы көрсеткен электрондық/почта мекенжайына немесе ұялы телефон нөміріне жіберу, әлеуметтік желілерде жарнама орналастыру мақсатында автоматтандырылған топтар құруға және Науқан аясынан тыс басқа да мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік береді. Жеке деректерді өңдеуге/пайдалануға келісім Науқанның Ұйымдастырушысы/Тапсырыс берушісі/Техникалық Серіктесі 1 үшін Науқанның аяқталу мерзімінен бастап 10 (он) жыл бойы қолданыста болады. 15.5. Қатысушы келісімді қайтарып алуға құқылы: 15.5.1. Тапсырыс берушіден кез келген уақытта Алматы қ., Назарбаев
---	--

	даңғылы, 240Г мекенжайына жазбаша хабарлама жолдау арқылы. 15.5.2. Ұйымдастырушыдан кез келген уақытта Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Орманов к-сі, 64Б/1 мекенжайына жазбаша хабарлама жолдау арқылы. 15.5.3. Тапсырыс берушіден кез келген уақытта 8-800-080-50-52 телефонына сұраныс жолдау немесе Тапсырыс берушіден қатысушыға жіберілген хаттардағы тиісті сілтемеге өту арқылы. 15.5.4. Ұйымдастырушыдан кез келген уақытта support@pgbonus.kz электрондық поштасына хат жіберу арқылы. 15.5.5. Техникалық Серіктестер 1 және 2-де https://ru.pgbonus.club/feedback сайтындағы форманы толтыру арқылы келісімді қайтарып алуға болады. Келісімнің қайтарылғаны туралы хабарлама түскен жағдайда, Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы, Науқанның Техникалық Серіктестері 1, 2, 3 және уәкілетті тұлғалар Қатысушының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және хабарлама түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жояды. Егер Қатысушы келісімді науқан мерзімінде қайтарып алса, онда ол жүлделерді алу құқығынан автоматты түрде айырылады, бұл Ұйымдастырушы Қатысушыдан хабарламаны алған сәттен бастап күшіне енеді. 15.6. Жеке деректер субъектісі ретінде Қатысушының құқықтары. Қатысушының құқықтары: - өз жеке деректерінің операторлары ретінде Ұйымдастырушыдан/Техникалық Серіктестер 1,2,3-тен/Тапсырыс берушіден ақпарат алу; - Ұйымдастырушыдан/Техникалық Серіктестер 1,2,3-тен/Тапсырыс берушіден өзінің жеке деректерін нақтылауды, бөгдеуді немесе жоюды талап ету, егер жеке деректер толық емес, ескірген, шындыққа сәйкес келмейтін, заңсыз алынған немесе өңдеу мақсатына сәйкес келмейтін болса; - өз құқықтарын қорғау үшін заңмен қарастырылған шараларды қабылдау; - сондай-ақ осы Ережелер мен Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен белгіленген басқа да құқықтар. 15.7. Ұйымдастырушы/Техникалық Серіктестер 1,2,3/Тапсырыс беруші Қатысушының толық емес, ескірген, шындыққа сәйкес келмейтін жеке деректерді ұсынуына байланысты жоғарыда аталған міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
--	--